



# Ақмешіт

23 мамыр  
сейсенбі  
№41 (1948)  
2023 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



### КӨЛІК САУДАСЫ: АМЕРИКАДАН АФРИКАҒА

Соңғы жылдары Қазақстанда көлік саудасы көбейді. Соның ішінде шетелде қолданылған көліктерді алып келіп, ішкі нарыққа ұсынатындар көп. Бірақ олардың кейбірі жол-көлік оқиғасынан кейін қайта жөнделген болуы мүмкін. Жалпы жүрілген көліктерді сату батыста дамыған. Бірақ олардың көбі қоршаған ортаға қауіпсіз электромобиль қолдана бастауымен байланысты. Осы орайда шетелдегі көлік саудасы жайлы CNN арнасында жарық көрген Ними Принсвилл мен Элла Нильсен жазған «Батыс электромобильге көшкен тұста ескі көліктер қайда кетіп жатыр?» тақырыбындағы репортажын аудардық.

Репортаж Батыс Африкадағы Бенин мемлекетінде жазылған. Мақалада Бениннің қаржы және сауда қаласы Котондундан бастау алады. Кейіпкер Рокб Я «Fifa Park» атты автопаркқа күрен қызыл көлікті саудалап тұр. Қаз қатар жиылған көліктердің арасында жақсы ұсталғандарымен қатар соғылған, жөндеуді қажет ететін көліктер де бар.

Я ұнатқан көлік 2008 жылы АҚШ-та шығарылған «Ford Escape». Оның бағасы бұл автопаркте шамамен 4000 долларға тең. Бұл тұрақтағы басқа американдық брендтерге қарағанда салыстырмалы түрде арзанырақ. Яның айтуынша, оны көліктің жүріп-тұру тарихы қызықтырмайды, тек бағасы қолжетімді болса болғаны.

Дегенмен арна тілшілері мұндағы көліктердің жағдайын анықтау мақсатында «Ford» тарихын арнайы зерттеп көрген. 14 жыл болған көлік өткен жылы аукционнан кейін Бенинге келген. 252 мың миль жүрген автомобильдің Вирджини мен Мэрилендте үш егесі болған. Алайда басқа көліктерге қарағанда «Ford» ешқандай жол-көлік оқиғасын «бастан өткермеген».

Бұл ескірген, жол талғамайтын көлік жыл сайын Батыс Африкаға Жапония, Оңтүстік Корея, Еуропа мен АҚШ-тан келетін миллиондаған ескі көліктің бірі ғана. Олардың көпшілігі Африканың пайдаланылған автокөлікті сататын Африканың Бенин мемлекетіне келеді.

«Африка порттарына қатынайтын пайдаланылған көліктер ағыны батыс электромобильдерге ауысқанда арта түседі деп болжануда. Дамыған елдер жылудың салдарынан жаһандық ластануды азайту үшін тұтынатын электр көліктеріне жылдам ауысуда.

Ал газ және бензинмен жүретін көліктер халық саны артып келе жатқан Бенин сияқты дамушы елдерге жөнелтілуде», – деп жазылған мақалада.

Мақалада мамандар мұндай сауда түрінің кері әсерін де бағамдап қойған. Экологиясы оңсыз да ақап тұрған дамушы елдерде көліктің көбеюі, соның ішінде зиянды газ бөлетін автомобильдің артуы ол елдердің климатына кері әсерін арттыруы мүмкін.

«Қолданылған жеңіл көліктерді әлемдік нарығы 2015 жылдан 2019 жылға дейін 20 пайызға дерлік өсіп, 4,8 миллиардтан астам көлік экспортталды. Ковид пандемиясы басталған 2020 жылы экспорттың азап төмендеуі болғанмен, қазір олардың саны өте жылдам өсіп жатыр», – дейді БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының өкілі Роб де Йонг.

UNEP (БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы) мәліметі бойынша, АҚШ әлемдегі ескі көліктердің шамамен 18 пайызын экспорттайды екен. Олар бүкіл әлемге, соның ішінде Тауа Шығыс пен Орталық Америкаға, көпшілігі Нигерия, Бенин және Ганаға сатылады екен.

Ол көліктердің қатарында америкалық дилерлер бас тартқандары бар. Бірақ соғылған, аударылған көліктерді қайта жөндеп, сатылғандары да жоқ емес. «Олардың көпшілігі Hyundai, Toyota секілді 5-6 жылдық эконом-класстағы седандар», – дейді халықаралық автокөліктерді тасымалдауға мамандандырылған «West Coast Shipping» компаниясының маркетинг директоры Дмитрий Шибаршин. Оның сөзіне, компания негізінен қымбат көліктерді тасымалдаумен айналысқанымен қолжетімді көліктерге сұраныс жоғары.

Кения мен Нигерия сияқты ірі Африка елдерінде жеңіл және жүк көліктерінің 90 пайыздан астамы шетелдік қолданылған көліктер. Мысалы, Кениядағы флот сегіз жыл сайын екі еселеніп, бұрын көліксіз болған көшелер енді кептеліске толы.

Қолданылған көліктерге сұраныстың артуына мұндағы халықтың АҚШ-қа қарағанда жаңа автомобильді несиеге алуға мүмкіндік аз болуы да себепкер болып отыр.

Сарапшылардың пікірінше, Батыста электр көліктерін пайдалану Африка елдеріне ескі көліктерді жеткізу артағандықтан, сұраныс көбейі түскен. Халықаралық энергетика агенттігінің мәліметі бойынша, биыл әлемде сатылатын әрбір бес көліктің бірі электрлі болады екен. Соның ішінде Қытай, Еуропа және АҚШ электромобильдер нарығында көшбасшы саналады.

«Fifa Park»-қа жиі баратын нигериялық көлік саудагері Виктор Оджо CNN-ге көліктің шығу тегін, қандай қауып бар екенін оңай анықтауға болатынын айтқан: «Түгінді көп бөлігінде негізінен АҚШ-тан келеді. Ал Канаданың судан зақымдалған, электр тоғынан қауа пайда болған автомобиль жеткізіледі», – дейді Оджо.

Кейбір көліктердің катализаторлары бар. Бірақ ауаға лас газдың бөлінуімен қорғайтын бұл элемент қымбат металға бай болғандықтан көп дилер катализаторларын алып қалады екен.

«UNEP» мәлімдеуінше, Африка мен Азияға АҚШ, Еуропа және Жапониядан жөнелтілген миллиондаған көлік «ластаушы немесе қауіпті» болып келеді. Көбінесе қауып бар немесе жетпейтін компоненттер әсерінен олар улы түтін шығарып, ауаны ластайды және климатқа зиян тигізеді.

Батыс Африкаға келетін автокөліктердің зиянын азайтуға және қауіпсіздігін арттыруға бағытталған ережелер бұған дейін қатан емес еді. Бірақ соңғы уақытта оларды күшейтуге әрекет жасалған.

Мысалы, 2020 жылы Бенин және Батыс Африка мемлекеттерінің аймақтағы көлік құралдарының зиянды газ бөлуіне қатысты ережелер, соның ішінде пайдаланылған автокөліктерге 10 жас шектеуін және көмірқышқыл газын шығаратын автомобильдердің мөлшеріне шектеулер енгізуге келіскен. Дегенмен бұл заңдықтардың қаншалықты тексеріліп жатқандығы белгісіз.

«Елдің климатты қорғауы, экологияға назар аударуы «Fifa Park» – тен көлік сатып алуға келген Рокб Я үшін маңызды емес. Ол тек өзінің қаражаты жеткен көлікті ала алады», – деп жазылған мақала қорытындысында.

### ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

# АДАМ ӨМІРІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

**Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Жиынға мәслихат төрағасы, қала әкімінің орынбасарлары, кент және ауыл әкімдері, дербес бөлім басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.**

Күн жылы бастаса айдыңды арналарға шомылуға асығатынымыз жасырын емес. Әсіресе ойын балалары суға түскенді жақсы көреді. Бірақ қауіпсіздік жағын ойлайтындар аз. Балалар түгілі, үлкендердің өзі кейде судың да тілсіз жау екенін ұмытып кетеді. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселеге осы тақырып арқау болды. Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасулан Түйменов қала аумағындағы су айдындарында, әсіресе Сырдария өзенінде азаматтардың түрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырайтынын мәлім етті.

Басқарма басшысының айтуынша, өткен жылы 12 адам суға кеткен, оның 6-ы бала. Суда адамдардың қаза болуының негізгі себебі – қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзуы дейді басқарма басшысы. Бұл жағдайларға байланысты халық арасында және барлық мектептің оқушылары мен ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы күнделікті түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

– Су айдындарында адам өлімін болдырмау үшін қалалық төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері, құтқару бөлімшелерінің құтқарушылары және полиция қызметкерлерімен бірлесіп, суға шомылуға тыйым салатын орындарда шомылу фактілерін анықтау бойынша күн сайын рейдтік іс-шаралар жүргізіп, 462 азаматқа судағы қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, ұнпарақтар таратты. Қала аумағында адам көп шоғырланған орындарда (Арай сити молл ойын-сауық орталығы, Жаңа базар, Ескі базарларға және темір жол автовокзалдарға) дауыстық зорайтқыштары арқылы судағы

қауіпсіздік бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілуде, – дейді қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы.

Жиында қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев суға түсуге рұқсат етілмеген жерлерге арнайы тақтайшалар

орнату керектігін атап өтті. Қала әкімі Асылбек Шәменов түсіндірме жұмыстарынан бөлек, барлық сала өзен жағалауларына, арналар бойына күнделікті рейдтік шараларын ұйымдастыруы керектігін кәлерге салды. «Адам өмірінен арық ештеңе жоқ» деген қала басшысы рейд бойынша кесте бекітуді тапсырды.

Бүгінде әскерге бару да, Отан алдындағы борышын өтеу де үлкен мәселеге айналып барады. Несін жасырамыз әскердегі әлім-жеттік, адам өлімі секілді оқиғалар қоғамға әсер етіп, ата-аналардың өздері балаларын Отан алдындағы борыштарын өтеуге жіберуге қорқатын болды. Бір Қызылорданың өзінде 200-ге жуық азамат әскерден жалтарып жүрген көрінеді. Мінберге шығып, баяндама жасаған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма басшысы Бауыржан Асанов осылай делі.

– Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2023 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 120 Жарлығына сәйкес, 2023 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру туралы Қызылорда қаласының әкімінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 2039 Қаулысына сәйкес Қызылорда қаласының 18-27 жас, 1996-2005 жылдар аралығындағы ер азаматтарын әскерге шақыру жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен түрлі себептермен әскерден жалтарып жүргендер бар. Олардың нақты саны 198 азаматты құрайды, – делі басқарма басшысы.



## ЖАҢАРҒАН ҮЙЛЕР



**Биыл қаладағы 26 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті заманауи панельдермен қапталады. Бүгінде бұл бағытта тиісті жұмыстар жүргізілуде.**

Игілікті бастаманы жергілікті кәсіпкерлер туған жерге тарту ретінде қолға алған. Олардың демеушілігімен жалпы ауданы 40 мың шаршы метр соңғы үлгідегі құрылыс материалдары қолданылмақ. Бұл өз кезегінде көпқабатты үйлерді жыл сайын әктуе, сырлаудан тыйып, қолайсыз ауа райынан қорғауға жақсы мүмкіндік. Сондай-ақ қала сәулетіне де ерекше көрік қосады.

Қазір заманауи панельдермен қаптау жұмыстары Абай даңғылындағы №37, 39, 41, 43, 44, 46, 54, 62 үй мен Мұратбаев көшесіндегі №17 үй, Сырдария шағын ауданындағы №1 және №2 тұрғын үйлерде жүргізілуде.

А.СЕЙІЛ

Кезінде тұрғындар үшін өзекті болған мәселелер бүгінде оң шешімін тауып келеді. Бұған дейін темір жолдың арғы бетінде қоныс тепкен халық үшін бергі бетке оту қауіпті болған еді. Жұырда тұрғындардың қауіпсіздігі үшін салынып жатқан тағы бір нысан пайдалануға берілмек.

## ЖАҢА ЖҮРГІНШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА КӨПІР САЛЫНУДА

Бұл мақсатта қалада ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Бұған дейін белкөлдіндердің базанына айналған жауу жүргіншілер көпірі ел игілігіне берілгені белгілі. Қаншама жылдан бері айтылып келген мәселе осылайша шешім тауып, жұртшылық разылығын білдірген.



Бүгінде игілікті бастама жалғасын тауып, Ғ.Мұратбаев және Ясауи көшелерінде қиылысындағы теміржол арқылы өтетін тұрғындар үшін жауу жүргіншілер көпірінің құрылысы басталды.

Нысанның жалпы ұзындығы 55 метрді құрайды. Оған ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 320 млн теңге қаржы бөлінген. Қазіргі таңда мердігер мекеме «Гүлнұр МК» ЖШС құрылыс монтаж жұмыстарын жүргізуде.

«Ақмешіт-ақпарат»

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

### БӘРЕКЕЛДІ!

## Қоғамдық көлікте кітап оқи аласыз



Кітапсүйер қызылордалықтар үшін жағымды жаңалық. Енді қоғамдық көліктерде кітап оқи аласыз. «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС «КітапА!» кітап дүкенімен ортақ келісім жасау арқылы жергілікті тұрғындарды көркем әдебиетті оқуға баулу мақсатында қаланың қоғамдық көліктерінде алғаш рет жылжымалы электронды кітапханаларын іске қосты.

Қазіргі таңда электронды кітапханалар «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-не қарасты қоғамдық көліктерінде орнатылған. Кітап оқу үшін жолаушылардың смартфондары ғаламтор желісіне қосылуы болса болғаны.

QR кодтары бойынша кітап оқу опциясы 16 бағыт бойынша жолаушыларды тасымалдайтын автобус

салонында қолжетімді. Олардың қатарында №1, 3, 11, 12, 14, 15, 17, 18, 19, 20, 22, 25, 28, 29, 30, 31 үлкен сыйымдылықтағы автобустар бар.

Енді салондарда отырып қазақ және шетелдік классиктерінің шығармаларымен қоса психологиялық, тұлғалық даму бағытындағы кітаптар жолаушылар үшін қолжетімді.

Қазақтың белгілі жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар», Дінмұхаммед Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды», Мұқағали Мақатаевтың «Өмір өзені», Л.Киннің «Как разговаривать с кем угодно когда угодно и где угодно», П.Уоллестейн «Интернет психологиясы», П.Козьмонов «Алхимик», Д.Кахонның «Түйсігінмен ойна», «Мың бір түн» шығармалары бар. Алдағы уақытта кітаптар тізбесі жаңартылып отырмақ.



# АДАМ ӨМІРІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Қала әкімі басқарма басшысына нақты шараларды қолға алып, түсіндірме жұмыстарын күшейтуді міндеттеді.

Оқу жылының аяқталуына да аз уақыт қалды. Оған қатысты қандай шаралар ұйымдастырылады және жазғы каникулда балалар демалысын қалай өткізеді? Осы мәселе бойынша қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Боданов баяндама жасады.

Биылғы «Балабақшамен қоштасу», «Бастауыш сыныппен қоштасу», «Негізгі сыныпты бітіру», «Сонғы қонырау», «Атқестат тапсыру» кештерін өткізу барысында ата-аналардан ақша жинауға, білім беру ұйымдары мен педагог қызметкерлеріне сыйлықтар беруге қатаң тиым салынды. Сондай-ақ мектеп бітіру кештері міндетті түрде мектеп қабырғасында және ауласында барынша қарапайым түрде өту керек. Үйлер мен мейрамханаларда, ойын-сауық орындарында мектеп бітіру кештерін өткізу және бітірушілердің автокөліктермен қортеже шығуына, білім алушылардың табиғат асына серуендеуіне, өзін-өзі көздеуге, шағын су алаптарына суға түсуіне ел көрінісі. Қазірде ата-аналардың барлығына түсіндірме жүргізілуде.

— 2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттес-

Басы 1-бетте

таудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Занының 5-бабының 14-тармақшасына сәйкес, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына сәйкес орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталады. 9 - сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында, 11-сынып білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізіледі, – деді білім бөлімінің басшысы.

Бөлім басшысы берген мәліметке сәйкес, алдағы уақыттағы балалар мен жасөспірімдердің жазғы маусымдағы демалысын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген. Бірінші кезекте мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар қамтылады. Балаларды сауықтыру «Дария», «Зерентай» және «Аңсар-Кәусар»

ЖК, «Сыр Төресі», Жанақорған ауданында орналасқан мемлекеттік кәсіпорын «Талды су» тынығу лагерлері арқылы ұйымдастырылады. Жалпы міндетті оқу қоры есебінен 2 500 баланы демалдыру жоспарланып отыр. Демеушілер мен инвесторлар есебінен аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан 200 бала «Арай-санрай» лагеріне барды. Осы сынды мәліметтерді алға тартқан қаланың бас мұғалімі мектептер жанынан да күндізгі тынығу лагерлері ашылып, онда 2 386 оқушы 2 ауысымда ыстық тамақпен қамтылатынын жеткізді.

Қала әкімі сала басшысына балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруда жұмыстарды жүйелеп, бақылау шараларын күшейтуді тапсырды.

Айта кетейік, аппарат мәжілісінде қала әкімі бірқатар кадрлық өзгерістер болғанын да тілге тиек етті. Тобажанов Ғабит Рүстемұлы қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалса, Сырлыбаев Дінмұхамбет Мұратбекұлы қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы болды. Сонымен қатар Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы да жаңарыпты. Бұл қызметке Қорғаныс министрінің бұйрығымен Асанов Бауыржан Махсұтханұлы тағайындалды.

Азиз БАТЫРБЕКОВ

## Тағайындаулар



Қызылорда қаласы әкімінің 2023 жылғы 10 мамырдағы өкімімен **Тобажанов Ғабит Рүстемұлы** қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды.

Ғабит Рүстемұлы 1978 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді. Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде құқықтану мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2000 жылы Шиелі ауданы прокурорының көмекшісі қызметінен бастаған.

2001-2006 жылдары Шиелі ауданы прокурорының аға көмекшісі;

2006-2008 жылдары Қызылорда қаласы прокурорының көмекшісі; 2008-2009 жылдары Қызылорда облыстық прокураторының мемлекеттік органдар қызметін

қадағалау басқармасының прокуроры, Қармақшы ауданы прокурорының орынбасары;

2009-2011 жылдары Қызылорда облыстық прокураторының әлеуметтік-экономикалық салада заңдылықты қадағалау басқармасының аға прокуроры;

2011-2014 жылдары Қызылорда облысы прокурорының табиғатты қорғау заңдылығын қадағалау жөніндегі аға көмекшісі;

2014-2015 жылдары Қызылорда облысы прокурорының атқарушылық өндіріс заңдылығын қадағалау жөніндегі аға көмекшісі; 2015-2017 жылдары Қызылорда облыстық прокураторының сотта мемлекет мүддесіне өкілдік ету басқармасының бастығы;

2017-2020 жылдары ҚР АШМ АӨК МИК Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы кадр, ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы;

2020-2021 жылдары «Қызылорда қаласының жер қатынастары бөлімі» КММ басшысы;

2021-2022 жылдары адвокат, Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ комплаенс офицері;

2022 жылдың қараша айынан осы кезге дейін «Шиелі ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» КММ бөлім басшысы қызметін атқарып келді.



Қызылорда қаласы әкімінің 2023 жылғы 3 мамырдағы өкімімен **Сырлыбаев Дінмұхамбет Мұратбекұлы** қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды.

Дінмұхамбет Мұратбекұлы 1989 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде құрылыс мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2012 жылы Қызылорда қалалық тұрғын үй инспекциясында инспектор қызметінен бастаған.

2015-2018 жылдары Қызылорда қалалық жер қатынастары бөлімінде бас маман;

2018-2020 жылдары Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінде бас маман;

2020-2022 жылдары Қызылорда қалалық ТҮКШ, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінде сектор менгерушісі, бөлім басшысының орынбасары;

2022 жылдың тамызынан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасында бөлім басшысы қызметін атқарып келді.



ҚР Қорғаныс министрінің бұйрығымен **Асанов Бауыржан Махсұтханұлы** Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы лауазымына тағайындалды.

Бауыржан Махсұтханұлы 1977 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді.

1999 жылы М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Өнеркәсіптік және азаматтық

құрылыс» мамандығы бойынша бітірген.

1998 жылы М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің әскери дайындық және 2011 жылы Ұлттық қорғаныс университетінде академиялық жұмылдыру курстарын аяқтаған.

Еңбек жолын 2000-2003 жылдары Түркістан қаласындағы Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының әскери-есеп бөлімінің менгерушісі қызметінен бастаған.

2003-2004 жылдары Түркістан қаласындағы есепке алу және брондау жөніндегі инспекторы;

2004-2006 жылдары Арыс қаласындағы әскери басқармасының бастығы;

2006-2010 жылдары Түлкібас аудандық әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілерді қабылдау бөлімшесінің бастығы;

2010-2012 жылдары Созақ аудандық жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімшесінің бастығы;

2012-2018 жылдары Отырар аудандық қорғаныс істері жөніндегі басқармасының бастығы, облыстық әскери қызметке қабылдау бөлімінің бастығы;

2018 жылдан осы кезге дейін Жамбыл облысының жұмылдыру ресурстарын есепке алу және тағайындау бөлімінің бастығы қызметін атқарып келді.

## МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

Өткен аптада қалалық мәслихат депутаттары шаһардағы бірқатар нысандарды аралады.

## ДЕПУТАТТАР ҚАРАП ОТЫРҒАН ЖОҚ



Халық қалаулылары алдымен Яссауи көшесіндегі теміржол арқылы өтетін жауа жүргіншілер көпірінің құрылысымен танысты. Құрылыс жұмыстары енді басталуда. Шұғыла және КБИ шағын ауданын байланыстыратын бұл көпірдің ұзындығы 55 метр. Нысан тамыз айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Мұнан соң Мұратбаев көшесіндегі 17 үйдің қасбетін жанарту жұмыстарымен танысқан депутаттар құрылыс барысында мамандарға сапаға көңіл бөлу керектігін айтты. Биыл қалада 27 үйдің сыртғы заманауи панельді материалдармен қапталмақ. Қазіргі таңда 17 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті жаңартылған. Ігілікті бастама жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде жыл сайын әрлеуді қажет етпейді, ауа райына төзімді.



Аралау барысында депутаттар Шұғыла шағын ауданындағы бірқатар мәселелермен танысты. Аумақтан сайланған депутат Айгүл Мұсабаева мұндағы №7 және №235 мектептердегі және оның аумағындағы өзекті мәселелерді жеткізді. Оның ішінде №7 мектепке апаратын Ф.Мұратбаев көшесі мен З.Шүкіров көшелері аралығында жауа жүргінші жолдары мен кешкі жарық шамдары орнатылмаған, оқушыларға күз-қыс мезгілінде кешке мектепке қатына қиындық тудырады. Сонымен қатар аталған білім ошағы күрделі жөнделуді қажет етеді. Бүгінде жөнделу жұмыстарын

## ТАСБӨГЕТТЕ ТІРЛІК КӨП ЕЛГЕ ҰНАРЛЫҚ

Қала іргесіндегі Тасбөгет кентінде атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Былтыр басталған жұмыстар биыл оң нәтижемен жалғасуда. 2022 жылы Тасбөгет кенті әкімінің аппаратына «Инвестиция тартуда нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін» аталымы табысталған еді.

Тасбөгет кентінің әкімі Семсер Сыздықовтың айтуынша, кенттің дамуына ірі кәсіпкерлер де айтарлықтай үлес қосуда. Жыл басынан бері кент тайқазанына кәсіпкерлер тарапынан 2,6 млрд теңгеден астам инвестиция құйылған. Бүгінде 100 млн теңгеге саябақ жанынан биометриялық зертхана салынуда, 300 млн теңгеге кенттегі Е.Бозұлов көшесінің бойынан жаңа сауда кешені салынып жатыр. Ғимаратта шағын маркет, монша, көлік жуу орталығы, дәріхана және шаштараз орналаспақ. Демек жаңа жұмыс көздері пайда болып, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайының көтерілуіне септігін тигізеді.



— «Фирма «МТО-Центр» ЖШС жалпы құны 1 млрд теңгеге жуық қаржыға 5 қабатты 53 пәтерлі тұрғын үй құрылысын жүргізуде. Құрылыс жұмыстары 2023 жылы аяқталады деп күтілуде. Мұның өзі баспанасыз жоқ кент тұрғындары үшін ақжолтай қуаныш.

Ғайһап ҚОЖАХМЕТОВА

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



## ТАСБӨГЕТТЕ ДАБЫЛ БАТЫРМАСЫ ОРНАТЫЛДЫ

Кентте қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында заманауи цифрлық технология көмегімен полиция қызметкерін шұғыл шақыру үшін SOS дабыл батырмалары орнатылды.



Мұндай құрылғы қандай да бір келіссіз немесе төтенше жағдай туындаған кезде қолданылады. SOS батырмасын басу арқылы автоматты түрде жедел басқару орталығының қызметкерлерімен бейнежазба және аудио динамикаларымен байланыса аласыз.

Аталған SOS дабыл батырмасы кенттің орталық алаңындағы Ш.Есенов пен М.Шоқай көшелерінің қиылысында орнатылған.

Осылайша қылмыстың жолын кесуде SOS дабыл батырмасы жылдам байланыс орнатып, кент тұрғындарының тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтап, қылмыстың жолын кесуге көмектеседі.

«Ақмешіт-ақпарат»



жүргізуге жоба-сметалық құжаттар әзірленген. Тек тиісті қаржы бөлінбеген. Осы мәселелер оң шешімін тапса оқушыларға қолайлы жағдай жасалады. Аталған шағын аудан тұрғындарын толғандырған тағы бір мәселе – қаңғыбас ит пен мысық жайы. Бұл да оқушылардың өміріне қауіп тудырады. Депутат Айгүл Мұсабаева осы жайттарды назарға алып, тиісті мекеме тарапынан оң шешім табуына ықпал етсек деген ойын білдірді.

Шұғыла шағын ауданында бұдан бөлек мәселелер де жетерлік. Тұрғындар №235 мектепке келетін жол бойындағы алаң жауын-шашын күндері оқушылардың қатынауына кедергі келтіріп отырғанын айтады. Сондай-ақ «Құлагер» аумағында орналасқан №22 тұрғын үй ауласындағы балалар ойын алаңы 2011 жылы демеушілікпен салынған. Қазіргі таңда балалар қалашығының тозығы жеткен. Осы орайда шұғылалықтар ең алдымен мектеп аумағындағы мәселені жою, ойын алаңдарын салу, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайы шешілсе екен деген тілектерін жеткізді.

Депутаттармен бірге тиісті сала басшылары да шағын ауданның жай-күйіне қанықты. Оларға аталған мәселелер бойынша тиісті тапсырмалар берілді. Сондай-ақ көтерілген мәселелер жоспарға енгізіліп, алдағы уақытта жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыс атқарылмақ.

Айдана СЕЙІЛ



## ӨНЕРГЕ ҚҰРМЕТ

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен салтанатты шара өтті. Онда аймақ басшысы Сыр елінің мәдениет қызметкерлері мен сала ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

Шарада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы

абыройын асырып, бақ-беделін сақтауға үлес қосушы мәдениет және өнер, әдебиет өкілдерінің сан жылдан берсебепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы мәдениет және әдебиет өкіл-



калған дәстүрді қайта жалғалды. Талай дарын мен талант түлеген Сыр өңірінде мұндай сыйлық пен марапаттың болуы – зандылық, – деді облыс әкімі.

Биыл өңірде мәдениет саласында ілкімді істер жүзеге аспақ. Мәселен, қалада 1000 орындық көп функционалды «Өнер орталығы» және тамыз айында «Анаға тағзым» орталығы өз жұмысын бастайды. Сондай-ақ өнерге жаны құштар мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау мақсатында «Инклюзивті театр» жобасы жүзеге аспақ. Үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязовтың жаңа ізбасарларын дайындау мақ-

сатында өңірде тұңғыш рет «Айттыс олимпиадасы» атты облыстық жасөспірімдер айтысы өткізіледі. Сонымен қатар аймақтың құрылғанына 85 және шаһардың 205 жылдығына орай 12 сериялы имидждік телесериал түсіру жоспарлануда. Жобаны жүзеге асыру туристік нысандарды танытуға, аймақтың артықшылықтарын көрсету арқылы инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Телесериал халықаралық, республикалық деңгейде насихатталады.

Мәдениет саласындағы тағы бір ауқымды жоба жасарға қатысты болмақ. Бұған дейін үйірме ретінде жұмыс істеп келген «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым ретінде құру бойынша нақты шаралар қабылданады.

Мерекелік жиында мәдениет және өнер саласының мамандары «Тұран» сыйлығымен, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Еңбек ардагері» және «Мәдениет саласының үздігі» төбелгісі, «Құрмет» грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар мәдениет ұйымдарындағы 8 өнер ұжымына 40 домбыра сыйға берілді. Салтанатты шара соңы жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасына жалғасты.

«Ақмешіт-ақпарат»

Жас пен жынысқа, ұлт пен ұқсастыққа, түр мен тілге қарамастан жер бетіндегі адамдардың ортақ түсінісі тілі – өнер. Өнердің де түр-түрі бар. Дегенмен қылқаламмен қағаз бетіне сурет салып, жансыз бейнені тілсіз сөйлеткендей көркем бейнелеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Көргенін емес, сезінгенін екінші адамға сездіре алатын суретшілердің әр туындысы тылсымға толы. Ұстаз Алмас Алматов айтқандай, қылқалам шеберлерінің «өнерге бір күнде және бір күнге келмейтіні» де белгілі.



## Жас суретшілер шақырады

Жақында Мүлқаман Қалауов атындағы өнер мектебінде көркемсурет көрмесі өтті. Көркемсурет бөлімінің ұстаздары – Замзия Нұрханқызы, Эльза Пахуалинқызы, Гүлнұр Абызбайқызы, Ергали Әбсаттарұлы ұйымдастырған кішкентай қылқалам шеберлерінің көрмесі «Жас суретшілер шақырады» деп аталады. Көрмеге түрлі бағытта жұмыс істейтін өнер мектебінің көркемсурет бөлімінің 2-4 сынып оқушыларының шығармашылық жұмыстары қойылды. Айта кетейік, олардың қатарында Анастасия Снопова, Медина Нұрлан, Тоғжан Рабатова, Арайлым Нұрмақаш, Маргарита Нам, Дильяра Шыңғысхан сынды жас таланттар бар.

Шара домбырашылар ансамблінің күмбірлеген күйімен ашылды. Ал өнер мектебінің директоры балаларға сәттілік тілей отырып, әр шәкіртімен ерекше мақтанатынын сөз етті. Қандай да бір өнер кішкентай қадамнан басталады. Кішкентай сезімнен үлкен дүние туады.

Өздеріңіз байқағандай, мектеп тарихында жас дарындардың сурет көрмесі алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Бұл – балаларымыздың алғашқы көрмесі, алғашқы қадамы. Шәкірттеріміздің әрқайсысы өзіне ыстық. Оларға жарқын болашақ тілейміз! Әр қадамына қуанып, қолдап отыратын ата-аналар мен ұстаздар барында олардың жетер жетістігі әлі алда – деді мектеп директоры Қайрат Тыныштықұлы.

Оқушылар мен ата-аналарды, жас суретшілердің қатарластарын жинаған көрме салтанатты түрде ашылып, 6 жас дарынның салған дүниелеріне назар аударды. «Қазіргі

таңда өнер мектебінің көркемсурет бөлімінің 4 сынып оқушысымын. Яғни, бітіруші түлекпің. 12 жастан бастап жетекшім Эльза Смағұловадан кәсіби бағыт, бағдар алып келемін.

Көптеген облыстық, республикалық өнер байқауларынан жүлделермін. Сондықтан ұстазыма алғыс айтқым келеді. Өнер мектебіне келу арқылы болашақта жоғарғы білім алып, айналысым келетін киім

Бірінші сыныптан бастап Замзия Нұрханқызы жетекшісі ретінде сурет әлемінің сан қилы әдіс-тәсілдерін үйретіп, кәсіби бағдар беріп келеді. Қызымын өзі де сурет өнерінен қашық емес. Үйде шимайлап отыратыны бар еді. Мені сурет үйірмесіне апаршы деген өзінің талабымен өнер мектебіне әкелген едім.

Содан бері 4 жыл уақыт өтті. Осы уақыт аралығында екінші анасындай



дизайнері мамандығына тапсырғым келетінін түсіндім. Қазақи нақыштағы заманауи киімдерді жасап, шығармашылыққа ден қойғым келеді. Ал аталған өнер мектебіне әкелген анама алғысым шексіз! Сурет арқылы мен өзімді таптым», – дейді Арайлым Нұрмақаш есімді қылқалам шебері.

Ал жас суретші, дарынды шәкірттің бірі Медина Нұрланның анасы Ләззат Бактиярова ата-ана ретінде қылқалам ұстауды білмей, бейхабар боп келген көптеген баланы кәсіби суретші ретінде картиналарын ұсынатын дәрежеге жеткізген ұстаздарға алғысын айтты. – Қазір қызым 4 сыныпта оқиды.

болып, алға жетелеген ұстазына алғысым шексіз! Ол кісілердің еңбегін бағалаймыз, құрметтейміз. Түрлі облыстық байқауларды айтағанда республикалық, халықаралық байқаулардан бас жүлдеге ие болып жүргені ұстаз бен шәкірттің үздіксіз ізденуінің жемісі сияқты. Биыл өнер мектебін бітірген соң Алматы қаласындағы Танысбаев атындағы өнер колледжіне оқуға тапсырып, жоғары білім алады. Алғашқы көрмеге ерекше толқып, қуанып келдік. Әлі талай көрменің күзегі болатынымызға сенемін, – дейді ол.

Дина БОКЕБАЙ

## АҚЫНДАР ДОП ТЕШКЕН КҮН

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында өнер майталмандары, айтқы ақындары мен жыршылар арасында теңбіл доптан республикалық турнир өтті.

Аталған турнир бұған дейін еліміздің бірқатар өңірінде өткізілген. Биыл Сыр өңірінде алғаш рет ұйымдастырылып отыр. «Шайырлар шықты алаңға» ақындар арасындағы шағын футболдан өткен республикалық турнирдің ашылуына қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов қатысты.

«Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні» мерекесінде айтыстың арыстаны түркістандық Бекарыс Шойбеков, тараздық Есет Досалы сынды ағаларымыз, манғыстаулық Нұрлан Мұсаев, шымкенттік Біржан Байту бауырларымыз бастап келген барлық айтқы ақындарымызға алғыс білдіреміз. Жас ұрпақ жана буынға қай жағынан да үлгі болып, бұқаралық спортты дамытуға өзіндік үлес қосудасыздар. Бүгінгі турниріміздің жүлде қорының демеушісі, меценат Асхат Шауқенбаев мырзаға да алғыс білдіреміз. Барша қатысушы командаларға сәттілік тілеймін, – деді ол.

Турнирге еліміздің түкпір-түкпірінен келген жыр жампоздарынан құралған 8 команда қатысты. Тартысты өткен дода да үшінші орынды Жамбыл облысының

«Руханият» құрамасы иеленді. Екінші орынға Астана қаласынан келген «Доп жарған» командасы қол жеткізсе, бірінші орынды Манғыстау облысының «Жыр жебе» командасы жеңіп алды.

Үздік ойын көрсеткен ойыншыларға қала әкімінің алғыс хаты табысталды.

«Ақмешіт-ақпарат»



### СҰХБАТ

## ТЕАТР – РУХАНИ БАЙЛЫҚҚА БАУЛИТЫН ОРТА

Жыл артқан сайын театрға келіп, рухани азық іздеп, демалып қайтушылар саны артып келеді. Әрине, бұл өнер саласының ұжымына деген көрермен құрметі. Жалпы театрда екі көрініс бар. Бірі сахнадағы актерлардың көрінісі, екіншісі – сахна сыртындағы көрініс. Иә, ол жақта да бір топ адамның еңбегі бар. Соның ішінде костюмердің орны бөлек.

Аты айтып тұрғандай, бұл маман иесі театрдағы бар костюмге жауапты. Осындай жауапты жұмысты Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында Нұрсұлу Алиева костюм цехінің меңгерушісі болып, бірталай жылдан бері қызмет атқарып келеді. Кейіпкеріміз 1962 жылы Қосшыңырау ауылында дүниеге келді. Былтыр алпыс жасқа толды. Көктемнің шуақты күнінде бізге кейіпкерімізбен сұхбаттасудың сәті түсті.

### Костюмерлердің театрдағы еңбегі зор

– Нұрсұлу Боранқұлқызы, театр әлемінде костюмердің мамандығының маңызы зор. Қазіргі күні театр қорында қанша киім үлгісі бар? Жалпы әңгімемізді осы мамандықтың қыр-сырынан бастасак...

– Негізі осы салада қызмет атқарып жүргеніме 11 жылдан асты. Қызығы мен шығығы қатар жүретін жұмысым өзіме қатты ұнайды. Біздің театрда киім үлгісі өте көп. Оның санын айту мүмкін емес. Кез келген киімнің кімге тиесілі екенін астарындағы жазуға қарамай-ақ жазбай танып, жатқа айтып бере аламыз.

Расында, киім – сахнаның үлкен құрамдас бір бөлігі. Дизайнер алдын ала үлгісін жасап, арнайы тігілген костюмді киіп шыққан әртіс сахнада адам танымастай өзгеріп шыға келеді. Сол сәттен бастап ол сахнаны сән мен салтанатқа бөлеп, көрермен көзіне айналады. Әр киім спектакль бойынша бөлек-бөлек жиналады. Актер образды жоғары деңгейде алып шығу үшін киім рөл атқарады.

Сондықтан костюмерлердің театрдағы еңбегі зор. Жуып, тазалап актердің сахнаға шыққанынша тыным таппаймыз. Қойылым тамашалауға келген жүздеген көрермен алдында ойнайтын өнер адамы үшін ең бастысы – киімнің қонымдылығы мен ыңғайлылығы. Сахнада қандай қимыл жасаса да киім өте ыңғайлы болуы шарт. Әрбіріне өз өлшеміне сәйкес бірдей болып тігіледі. Киімдер ауысып кетпес үшін нөмірленіп, актерлардың есімі жазылып қойылады. Ал ұзақ

жылдан келе жатқан дүниелер әбден ескіріп, жыртыла бастаса, онда толығымен жаңаланады.

### КҮЛУГЕ ДЕ УАҚЫТ ЖОҚ

– Бұйырғас биыл зейнеткерлік демалысқа шығасыз. Осы уақыт аралығында жұмыс барысында кездескен қызықты оқиғаны бөлісеңіз... Мәселен, спектакль кезінде сахнада киім аяқастынан жыртылып немесе сөгіліп кететіндей жағдайлар кездескен болар?

– Иә, ондай қызықты әрі тығырықтан шығып кететін жағдайлар болып тұрады. Актер кейде сахнада ойнап жүріп секірмек болғанда немесе оқыс қимылдан киім жыртылып кетеді. Бұрын мұндай кезде сахна сыртында ине-жібімізді ұстап біз де дайын тұратынбыз. Қазір жастар ұқыпты, мұқият болғандықтан мұндай оқиғалар сирек кездесіп еді.

Кейде спектакль ортасында оларға киім ауыстыруға тура келеді. Екі көмекшімен санаулы секунд ішінде тез-тез ауыстырып жібереміз. Осындайда қызық оқиғалар көп болып жатады. Күлуге уақыт жоқ, кейіннен еске алып, әбден күлеміз.

### Қысқа сұраққа нақты жауап:

- *Сонғы оқыған кітабыңыз?*
- *Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын оқыдым. Бірақ оған да біраз уақыт болды.*
- *Адам бойындағы ұнайтын және ұнамайтын қасиеттер?*
- *Қарапайымдылық пен адамгершілікті жоғары бағалаймын. Ал өтірік пен ежікшілікті жек көремін.*
- *Өмірде нені бағалайсыз?*
- *Мен үшін өмірде сыйластықтан артық сый жоқ.*
- *Сіз үшін өмірдің мәні неде?*
- *Өмірдің мәні – ұрпақта.*



Дәл қазір есіме түсіп тұрғаны Д.Урбанның «Барлық тышқандар ірімшікті жақсы көреді» атты балалар қойылымында сикрышы мысық роліндегі актеріміз спектакль кезінде абайсызда тышқанның құйрығын жұлып алған сәті болған. Ондай сәтте өзімізбен бірге үнемі ине мен жібімізді ұстап, дайын жүреміз. Негізі осындай сақалдай сай болып дайындау бұл өр қойылым сайын қалыптасқан үрдіс.

Содан не керек, әлігі жерде жылдам қимылдап, тышқанның құйрығын тігіп жібердік. Осы сияқты қызықты әрі тез тығырықтан шығып кететін жайттар жиі кездесіп тұрады. Негізі ине жібіміз қолымызда жүреді. Өйткені аяқастынан болатын жағдайға дайын тұру қажет. Кейде өзімізді сарбаздар секілді сезініп кететін сәт те кездеседі, – дейді кейіпкеріміз бір күліп.

– *Театрға деген махаббатыңыз бөлек шығар, сірә?*

– Әрине, театр деген бөлек әлем ғой. Осы салада қызмет атқарғалы театрға деген махаббатым арта түсті. Елімізге еңбегі сіңген өнер иелерімен жұмыс істегеннің өзі қандай

Өңгімелескен  
Ақтолық НҰРЛЫБАЙ



ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

«Баланы ұрмай өсір, ынжық болмасын» деп жатады үлкендер. Басқаны қайдам, өзін әкемен осы сөзді талай естідім. Тәрбиеге қатал болсақ та әр баланы еркін өсіруге тырысып жүрміз. Ойткені бала тәуелсіз елдің ұланы екенін сезінуі керек. Бірақ балаға келгенде шойын жұдырығын жұмсайтындыр аз болмай тұр. Өткен жылы 7203 қамқоршы өкілшілік жауапкершілікке тартылса, 2021 жылы ата-аналық міндетін орындамаған 5 мыңнан астам азамат тіркелген. Мұндай мәліметті Орталық коммуникациялар қызметінде өткен дөңгелек үстелде Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан баян етті.

де бар. Сондықтан отбасында да, отбасынан тыс жерлерде де дене жарақатына тыйым салу маңызды болып отыр. Біз балаларға зорлық-зомбылық жасалуына, оларды ұрып-соғуға жол бермеуіміз керек. Бұл – қоғам алдындағы міндетіміз, – деді ЮНИСЕФ өкілі.

тысты кешенді көзқарастардың қажеттігін көрсетіп отыр. Сондықтан министрлік тәрбие жұмысының тұжырымдамасын әзірлеуді қолға алды. Тұжырымдаманың негізгі өзегі – ұлттық адами құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие беру. Осы бағыттағы жүйелі шешімдердің бірі әрбір мектепте ата-ана міндетін жүзеге асыруда оларды жан-жақты қолдауға бағытталған ата-

ана-аналарды сөзге тартқан едік. Соның бірі – Қызылорда қаласындағы №172 мектептегі ата-аналар комитетінің төрағасы Абылайхан Құнғабылов.

адамды қалай өлтіру қажет, ол үшін қандай қару қолданатынын жадына әбден тоқиды. Бұл дегенің маскара ғой. Мұндайда баламды бақылауда ұстаймын не болмаса қазақы тәрбие беремін деу бекершілік сияқты. Өзеге еліктеп өскен сәби көп жағдайда ата-анасына қарсы шығып, оларды тыңдамай өз дегенімен жүреді. Өртүрлі жат қылықтар жасап, ата-анасының атына кір келтіреді. Бала тәрбиесін бақылаусыз жіберіп, артынан сан соғып отырмақшы. Егер ол өзге пінғалды діни ағымның жетегіне еріп кетсе, бағып өсірген ата-анасының жағдайы не болмақ? – дейді Абылайхан Құнғабылов.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі әрі жауапты міндет. Алайда қоғамда бұл мәселеге атүсті қарап, тіпті «балама мектеп тәрбие берсін, мемлекет асырасын» дейтіндер аз емес. Өкініштісі, балаларына қатысты жасалған құқық бұзушылықты жасыратындары да кездеседі. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Зейін Ергалидың мақаласына осы тақырып өзек болыпты. Біз де барлық дәурдің күн тәртібінен түспейтін мәселеге қалам тарттық.



тауы, оның қайнар көзі – отбасы мен өскен ортасы. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді халық даналығы. Тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі. Әр сәбиіне жарық дүниесін сыйлап, тәрбиелеп, тун ұйқысын төрт бөліп, ақ сүтін беріп аялайды. Бар жақсыны сәбиінен аямайды. Бірақ мына қоғамда жауапсыз ата-ана да бар. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде түрлі мәселесі бар 6 мың жасөспірім мектепшілік есепке алынған.

аналар академиясын құру болмақ. Министрлік барлық мүдделі ұйымдармен бірге балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу бойынша кешенді жоспар әзірлеуді қолға алды. Бұл құжат алдағы оқу жылына дейін қабылданады деп күтіп отырмыз. Бұған қоса жыл сайын балалардың құқық бұзушылық жағдайының тұрсіпаты да өзгеріп отыр. Бір құқық бұзушылық жағдай екінің оқиғаса ұқсмайды. Жаңа буллингтің, қатыгездіктің түрлері пайда болып жатыр. Бұл интернеттің ашықтығымен де байланысты, – деді Оқу-ағарту вице-министрі.

жағдайлар жас өреннің психикасын ұлап, балалар мен олардың ата-анасы арасындағы қарым-қатынас процесін қиындатады. Интернеттегі кейбір ойындардың атын атауға қорқасын. Өйткені олардың басым бөлігі қырып-жоюға арналған. Жатқан атыс-шабыс. Бірінде террористермен атысса, енді бірінде көше кезіп, білгенін жасап жүреді. Мұндай ойындарда балалар

– Қоғамда балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа төзімсіздік мәдениетін қалыптастыру өте маңызды. 2022 жылы 39 адам балаларға қатысты құқық бұзушылықты жасырғаны үшін өкілшілік жауапкершілікке тартылған. Алайда өкінішке қарай заңсыздықтарды жасыру фактілері жалғасып келеді. Министрлікке осындай жасыру фактілері бойынша мынанан аса ақпарат келіп түседі, – деді Оқу-ағарту вице-министрі.

Вице-министр бұл мәселеге ұрпақтар сабақтастығының әлсіреуі, ата-аналарды мектептегі тәрбие үдерісіне қатысу деңгейінің төмендігі, отбасындағы тәрбиенің осалдығы, интернеттің ашықтығы және пандемияның салдары секілді негізгі бес фактор әсер етіп отырғанын алға тартты.

Министрдің орынбасары балалар үшін қауіпсіз интернет кентігін құру маңызды екенін де сөз етті. Бұл орайда ата-аналар өз перзенттерінің интернеттегі іс-әрекетіне бақылауды күшейту керек. Ол үшін спикерлер жағымсыз ақпараттарға шектеу қоятын мобильді қосымшаларды қолдануды ұсынды. Біз өз кезегінде

«Ұлым – ізі арманым, қызым – қызғалдағым» деген қазақтың ұрпағымыз. Олардың тәрбиесіне келгенде барлығын талбесіктен бастағанды жөн санайтын халықтың. «Баланың көңілі далада, ананың көңілі балада» дейді ғой. Балаарымыз балаға ана сүтімен бірге ана тілінің, бойына ұлттық тәрбие мен салт-сана дариынын әлдеқашан айтып кетті. «Қар қылаумен өседі, бала сылаумен өседі». «Тағяқтау оңай, тәрбиелеу қиын». «Дұрыс қанаттанған ұшу ұшыр». «Балаға өз тілімен сөйлем, өз тілімен сөйлес». «Қызы анадан үйренбей оңеге алмас, ұлы атадан үйренбей сапар шекпес». «Ағаштан ағаш сөніп алады, адамнан адам тәлім алады» делінген бабадан қалған асыл сөздерде. Қалай болғанда да ізимізді жалғар ұлымыз бен өрісімізді кеңейтер қызымыз бізге, ата-анасына қарап осетінін ұмытпайық.

Дөңгелек үстелге қатысқан БҰҰ Қазақстандағы балалар қорының өкілі Артур Ван Дизен елімізде балаларды ұруға заңмен тыйым салуды ұсынды.

– Жеткіншектер арасында орын алып отырған зорлық-зомбылық фактілері балалар тәрбиесіне қа-

қеткен. Тіпті шілдехананы да келінінің бәлі қатайғасын, өз-өзіне келген соң жасаған. Өмірге сәби келгені қуаныш. Бірақ сол қуанышыңды өз үйінде тойлау керек ғой.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Өмірге сәби келіп, шаңырақтың шатшадман бақытқа кенелетіні рас. Бір отбасы ұлды болдық деп қуанса, тағы бірі қызды болды деп сүйіншілеп жатады. Алайда сол қуанышты перзентханадан шықпай жатып тойлау қаншалықты дұрыс? Перзентхана ауласында үлкен шоу жасап, түрлі әуенді даңғыратып, у-шу күйі мен дүрмекке айналдыру қазір сәнге айналып бара жатыр. Бірақ сен қуанғанмен, перзентхана ішінде бір ана перзентінен айырылып жылап отырса, немесе ауыр босанған әйел жансақтау бөлімінде өмір үшін арналысып жатса, сол жарасымды ма? Қанша ойланғанмен, толғанғанмен бұл әрекеттің дұрыс емес екенін бәріміз мойындаймыз. Ал қарамағал түсіріп, музыка қойып, мультфильм кейіпкерлерінің рөлін сомдайтын аниматорлар ақша табу үшін зыр жүгіріп жүреді. Ол түсінікті. Әйтеуір жас бөбекті перзентханадан шығарудың жөні бөлек болып барады. Бұрын ондай жағымсыз әрекеттер көп кездеспейтін, тіпті байқамайтынбыз. Жас босанған әйелдің тыныштығын ойлаған үлкендер отбасында да тыныштық орнатып, нәресте мен жас анаға, қамқор болған. Перзентханадан шыққанда мал сойып, келінге қалжа жегізген. Қалжа – келінге арнап байланған қой. Баланы дүниеге әкелген ана өмірінде оның мәні зор. Қазаққа босанған әйелге арнайы сойылған қойдың еті біткенше келінді жеке қалжалаған. «Жас босанған әйелдің тісі әлсіз болады, түсіп қалуы мүмкін» деп суық ас жегізбеген екен. Енелер келініне қойдың етін ұсақтап тұрап, жас сорпамен тердеткен. Жасы қалжалаған келіннің сүйектері қаксамай, тістері түспей, буындары жақсы, алты күннің ішінде үй тіршілігіне араласып

кейіпкерлерінің киімін киген аниматорлар емдеу мекемесінде өз бизнесін жүргізуде. Ол аздай музыкалық аспапта ойнайтын әншілерді жалап, дрон ұшыру да тұрғындар үшін үйреншікті жағдайға айналып барады. Бірақ жаңа босанған ана мен өмірге келгеніне бір айдан болмаған сабиіне тыныштық керек дейді дәрігерлер. Мұндай той-думан жансақтау бөлімінде өмір үшін күресіп жатқан немесе шалақанын айырылып қалған аналарға ауыр тиетінін айтты.

– 500-600 граммен босанған нәрестелер 3 ай, 4 ай бойына өздерінің даму сатысынан өтіп жатыр. Оларға тыныштық – қатаң талаптың бірі. Бұл мамандардың, дәрігерлердің жұмысына да кедергі келтіріп отырғанын жасыра алмаймыз. Емдеу орнының алаңдана кішігірім той өткізіп кететін тұрғындарға тыйым салғанмен, олардың өздері түсініп, бас тартпаса бұл көрініс қайталанба береді. Тойшылық қызық ғой, дегенмен әр нәрсенің өз орны, жолы бар. Бұрын мұндай болмайтын еді. Қайдан келген салт екенін білмедім. Біздің қазақта соңғы кезде ақылға сыймайтын осындай дүрмекті тойлар көбейіп кетті, – дейді дәрігер М. Әшірбекова.



Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Әзіз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер -1013, 1018,1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ-431018.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Апталығына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тірліп, беттеліп, «АШУ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68 Хатшына таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 2959 Тапсырыс №804

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

Мөмірдің кезекші редакторы Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА